

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

010000, Астана қаласы,
«Министрліктер үйі», Мәңгілік Ел даңғылы, 8
тел. 8 (7172) 74-07-97, факс: 8 (7172) 74-09-54
e-mail: kanc@adilet.gov.kz

010000, город Астана,
«Дом министерств», проспект Мәңгілік Ел, 8
тел.8 (7172) 74-07-97, факс: 8 (7172) 74-09-54
e-mail: kanc@adilet.gov.kz

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
З.Ж. Аманжоловаға
М.А. Айсинаға
И.П. Ароноваға
С.Ф. Бычковаға
Б.Т. Кесебаеваға
Ф.Ә. Қаратаевқа
М.М. Магеррамовқа
Б.Б. Мамраевқа
К.И. Мұсырманға**

*2019 жылғы 8 мамырдағы
№ ДЗ-84 депутаттық сауалға*

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі ағымдағы жылғы 8 мамырдағы Парламент сессиясында сот-сараптама қызметінің мәселелері бойынша жария етілген депутаттық сауалын қарап, қосымшаға сәйкес ақпаратты жолдайды.

Қосымша ___ парақ.

Министр

М. Бекетаев

*А.С. Келімбетов
55-88-31*

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі республиканың сот-медициналық қызметінің мүшкіл жағдайына қатысты 2019 жылғы 8 мамырдағы № ДЗ-84 депутаттық сауалын қарап, келесіні хабарлайды.

Заманауи жарақтандырылған, зертханалық жабдықтары мен мұздатқыш құрылғылары бар жаңа ғимараттарды салу жөніндегі мәселені бірлесіп қарауға қатысты.

2018 жылдың 15 қаңтарында өткен Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметінің мәселелері жөніндегі үкімет сағатының нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің ұсынымдарын орындау үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі (*бұдан әрі – Министрлік*) 2017-2018 жылдары облыстардың, Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларының әкімдеріне сот-сараптамасы мекемелерін орналастыру үшін бос тұрған және босатылатын объектілерді Министрліктің теңгеріміне өтеусіз беру жөніндегі мәселені шешу туралы хаттарды бірнеше рет жолдаған болатын.

Ұсынымды орындау үшін Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі 2018 жылы мәйітхананы орналастыру үшін Өскемен қ. орналасқан жалпы алаңы 289,9 ш.м. болатын ғимаратты өтеусіз берді.

Ағымдағы жылы Батыс Қазақстан облысының әкімдігі Орал қ. орналасқан жалпы алаңы 3 772 ш.м. болатын ғимаратты өтеусіз берді.

Қостанай облысының әкімдігі қазіргі таңда Қостанай облыстық ауруханасының аумағында орналасқан жалпы алаңы 1 348 ш.м. болатын ғимаратты беруді аяқтауда. Аталған үй-жай жергілікті бюджет қаражаты есебінен қайта жаңғыртылатын және Министрліктің теңгеріміне берілетін болады. Бүгінгі таңда, әрі қарай мәйітхана, сот-гистологиялық, химия-токсикологиялық, жалпы сараптамалық бөлімдерді орналастыруға арналған талаптарды ескере отырып, жобалау-сметалық құжаттама жасалды.

Бұдан басқа, «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» РМҚК (*әрі қарай – Орталық*) теңгеріміне Орталықтың орталық аппаратын, Атырау, Қызылорда, Павлодар облыстары мен Нұр-Сұлтан қаласының институттарын орналастыру үшін Министрліктің аумақтық бөлімшелерінің ғимараттары өтеусіз берілді.

Бұдан бөлек, өткен жылы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті еліміздің геологиялық жағдайларын ескере отырып, Сот сараптамалары институттары ғимараттарын салу үшін 5 үлгілік жобаларын әзірледі.

«Мемсараптама» РМК мемлекеттік сараптама қорытындысына сәйкес Сот сараптамалары институттарының 16 ғимаратын салу үшін 22 564,15 млн.теңге қажет (бір ғимараттың сметалық құны 1 342,94 теңгеден 1 503,46 млн.теңгеге дейін құрайды).

Осыған байланысты, 2019 жылдың 29 мамырында Министрлік ғимараттардың құрылысын салу үшін, оған жүргізілген инженерлік коммуникацияларымен жалпы аумағы 1,5642 га кем емес тиісті жер телімдерін бөлу және ғимараттардың өзін салуға көмек көрсету туралы облыстардың, Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларының әкімдеріне қайта хат жолдады.

Ғимараттармен қамтамасыз ету мәселесі Министрліктің ерекше бақылауында тұр, әкімдіктердің жер телімдерін ұсынуына және ғимараттарды тұрғызу үшін бюджеттік қаражаттардың бөлінуіне қарай объектілерді кезең-кезеңімен салу жоспарланып отыр.

Барлық санитарлық нормаларды сақтай отырып, қолда бар ғимараттарға күрделі жөндеу жүргізуге қатысты.

Орталықтың құрылымына 18 Сот сараптамалары институттары, Өңіраралық сот сараптамалары орталығы (Ақтөбе қ.) және Сот сараптамаларының ғылыми-зерттеу институты кіреді.

Орталық пен оның аумақтық бөлімшелерінің теңгерімінде, барлығы 52 ғимарат бар, оның ішінде 24 ғимарат қанағаттанарлық жағдайда, 28 ғимарат күрделі және ағымдағы жөндеуді қажет етеді.

2019 жылы амортизациялық шығыстарға бөлінген 902,3 млн.теңге ішінен Институттардың ғимараттарын жөндеу жұмыстарына 86 418,8 мың теңге қарастырылған.

Бұдан бөлек, ғимараттарға күрделі жөндеулер жүргізу және оларды санитарлық нормаларға сәйкестікке келтіру үшін республикалық бюджеттен қосымша ақша қаражаттарын бөлуді қажет етеді.

Осы мақсатта, қазіргі таңда аумақтық бөлімшелердің ғимараттарына күрделі жөндеулер жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттамалар әзірленуде. Әзірленгеннен кейін және мемлекеттік сараптама жүргізілгеннен кейін күрделі жөндеу жүргізуге қажетті қаражаттың сомасы Министрліктің бюджеттік өтініміне енгізілетін болады.

Республиканың көптеген аудандарында сот-медициналық сараптама бөлімдерінің болмауына қатысты.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 140-бабына сәйкес мемлекеттік кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

«Сот сараптамасы органдары сот сарапшыларының жүктемелері нормативтерін бекіту туралы» ҚР Әділет министрінің 30.03.2017 ж. № 327 бұйрығына (әрі қарай – Бұйрық) сәйкес мәйіттер мен тірі адамдардың сараптамасы аудандық бөлімдердегі 1 сарапшы лауазымының жүктемесі жылына мәйіттердің 60 сараптамасын және тірі адамдардың 200 сараптамасын құрайды.

Ең аз саны 3 штаттық бірлікті (дәрігер-сарапшының, мейіргердің, санитардың бір бірлігі бойынша) құрайтын сот-медициналық сарапшыларының бір аудандық

бөлімін ұстап тұру үшін жыл сайын 4,0 млн.теңге сомасында бюджеттік қаражат бөлу қажет.

Аудандардан жыл сайын келіп түсетін мәйіттер мен тірі адамдардың сот-медициналық зерттеуіне жүргізілген талдау, рентабельді еместігіне байланысты көптеген аудандарда сот-медициналық бөлімдерін ұстап тұру мақсатқа сай еместігін көрсетеді, себебі жылына орта есеппен алғанда 5-тен 30-ға дейін мәйіттер және 40-тан 70-ке дейін тірі адамдар түседі.

Бекітілген бағаларға сәйкес, 2018 жылы бір мәйітті зерттеу құны – 60 705 теңгені, ағымдағы жылы – 83 634 теңгені құрады, яғни, мұндай көрсеткіштерде аудандардағы сот-медициналық бөлімдердің шығыстарын республикалық бюджеттен өтеу сомасы бір жылға орта есеппен 1 млн. теңгеден аспайды. Осылайша, әрбір аудандық бөлім бойынша жыл сайынғы шығын орта есеппен 3 млн.теңгені құрайды.

Мысалы, депутаттық сауалда көрсетілген Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданынан 2018 жылы зерттеуге – 20 мәйіт, а.ж. 5 айында – 4 мәйіт келіп түскен;

- Бейнеу ауданынан 2018 жылы – 21 мәйіт, а.ж. 5 айында – 6 мәйіт;
- Ақмола облысының Қорғалжын ауданынан 2018 жылы – 23 мәйіт, а.ж. 5 айында – 8 мәйіт келіп түскен.

Республиканың басқа өңірлерінде де жағдай осыған ұқсас.

Сонымен бірге, Министрлік аталған мәселелерді шешу кезінде назарға сараптамалық мекемелердің орындылығы және рентабелділік көрсеткіштерін ғана алмайды, сонымен бірге географиялық орналасуын, яғни аудандардың облыс орталығынан алыстығын, көлік қатынасының жағдайын және басқа да көрсеткіштерді алады. Сондықтан да көптеген алыс аудандарда, жүктеменің аздығына қарамастан сот-медициналық сараптама бөлімдері жұмыс істейді.

Осылайша Қызылорда облысында:

- Арал ауданына (облыс орталығынан 500 км.) 2018 жылы сараптамаға 25 мәйіт келіп түскен;
- Қазалы ауданына (облыс орталығынан 400 км.) 2018 жылы сараптамаға 19 мәйіт келіп түскен.

Шығыс Қазақстан облысы:

- Тарбағатай ауданына (облыс орталығынан 450 км.) 2018 жылы сараптамаға 22 мәйіт және 110 тірі адам келіп түскен;
- Көкпекті ауданына (облыс орталығынан 250 км.) 2018 жылы сараптамаға 39 мәйіт және 91 тірі адам келіп түскен.

Жамбыл облысының Мойынқұм ауданына (облыс орталығынан 280 км.) 2018 жылы сараптамаға 30 мәйіт және 86 тірі адам келіп түскен.

Алматы облысының Панфилов ауданына (облыс орталығынан 300 км.) 2018 жылы сараптамаға 48 мәйіт және 229 тірі адам келіп түскен.

Азғантай жүктемесіне қарамастан сот-медициналық сараптама бөлімдерін ұстап отырған облыстардың басқа аудандарында да осындай жағдай.

Сонымен бірге, Министрлік сот сараптамасын күшейту және жеке сот сараптамасын дамыту мақсатында қазіргі уақытта тиісті салалардағы

мамандарға аутсорсинг тәртібінде бастапқы сот сараптамаларының кейбір түрлерінің өндірісін бәсекелес ортаға беру механизмі пысықтауда.

Осыған байланысты, 2018 жылдың 15 қарашасында Министрлік пен Жоғарғы сот арасындағы «Сот сараптамасының жекелеген түрлерін бәсекелес ортаға кезең-кезеңмен көшіру туралы» бірлескен бұйрық жасалды.

Бірлескен бұйрық шеңберінде пилоттық режимде Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының соттарында бастапқы сот құрылыс, сот тауартану және сот экономикалық сараптамасын жеке сот сарапшыларға тағайындау мен жүргізу қарастырылған.

Сот және сот-медициналық сараптамасы саласындағы мамандарды даярлау және қайта даярлаудың білім беру бағдарламаларын қайта қарауға қатысты.

Кәсіби біліктіліктерін арттыру мақсатында сот, сот-медициналық сарапшылары мен орта медициналық персоналы Министрліктің 060 «Сот-сарапшы кадрларының біліктіліктерін арттыру және қайта даярлау» бюджеттік бағдарламасына сәйкес Қазақстанның және ТМД елдерінің ЖОО даярлаудан және қайта даярлаудан өтеді.

2018 жылы Қазақстанның және Ресейдің білім беру мекемелерінде 232 қызметкер қайта даярлаудан және біліктіліктерін арттырудан өтті, оның ішінде 172 сот және сот-медициналық сарапшылары, 60 орта медициналық персоналы.

2019 жылы 177 қызметкерді қайта даярлаудан өткізу және біліктіліктерін арттыру жоспарланып отыр, оның ішінде 117 сот және сот-медициналық сарапшылары, 60 орта медициналық персоналы.

Дүниежүзілік Банк жобасы шеңберінде 2017-2018 жылдары 211 сот сарапшылары біліктілікті арттыру курстарынан өтті (*Ұлыбритания, Израиль, Литва, БАӘ, Ресей, АҚШ және Түркия сияқты елдерде 18 бағыт бойынша*).

Қазіргі уақытта Қазақстанның 28 сот сарапшысы Лондонда «Болашақ» халықаралық бағдарламасы бойынша тағылымдамадан өтуде.

Сонымен бірге, Үкімет сағатының нәтижесі бойынша Министрлікке сот сарапшыларын кәсіби даярлау және біліктіліктерін арттыру жүйесін жетілдіру мақсатында өзінің Оқу орталығын құру ұсынылған.

Орталық директорының 15.02.2019 ж. № 32 бұйрығымен Сот сараптамаларының ғылыми-зерттеу институты базасында Даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру орталығы құрылды.

Орталық қызметінің мәні – сот сараптамасы органының сот сарапшылары мен өзге де адамдарды даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарын ұйымдастыру және өткізу болып табылады.

Қазіргі уақытта, Оқу орталығы мамандықтар бойынша үлгілік бағдарламалар әзірлеуде, Сот сараптамасы орталығының кадрлар қорынан (*жетекші және тәжірибелі сарапшылар*) оқытушылар құрамы жасақталуда және қашықтықтан оқыту нысаны туралы мәселе пысықталуда.

Ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін адамдарға жәрдем ақы мен тұрғын үй бөлу әлеуметтік пакеттерін әзірлеу жөніндегі мәселеге қатысты.

Ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін және тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген әлеуметтік қолдау шараларын, сондай-ақ осы санаттардағы жұмыскерлерге әлеуметтік көмектің өзге де шараларын айқындау жөніндегі мәселеле «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 Заңында (*бұдан әрі – Заң*) көзделген.

Министрлік ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін сот сарапшыларына жәрдем ақы мен тұрғын үй бөлу әлеуметтік пакеттерін әзірлеу жөніндегі мәселені сот сараптамасының аудандық бөлімдерін қажетті үй-жайлармен жарақтандыру және оларды тиісті зертханалық жабдықтармен және аспаптық базамен материалдық-техникалық жарақтандыру мәселелерімен кешенді түрде пысықтауды жоспарлап отыр.

Осы мәселелердің шешімі қаржыландыру көлеміне тікелей байланысты.

ҚР ДСМ, ИМ сияқты басқа да ведомствалармен ықпалдастыруға арналған ақпараттық жүйенің болмауына қатысты.

Өткен жылдан бері Министрлік сот сараптамасы органдарына «Е-сараптама» ақпараттық жүйесін енгізу жөніндегі жұмысты жүргізуде. Сот органдарының «Төрелік» ақпараттық жүйесімен ықпалдастыру жөніндегі жұмыс аяқталды және құқық қорғау органдарының «Е-қылмыстық іс» ақпараттық жүйесімен ықпалдастыру жұмысы аяқталу сатысында.

Осы кезеңде Алматы қ. және Нұр-Сұлтан қ. Сот сараптамалары институттарында жүйе пилоттық режимде енгізілген. Ағымдағы жылы Орталық құрылымдық кәбіл жүйесін орнатады және осы ақпараттық жүйеге қосу және оның жұмыс істеуі үшін 1000 дана компьютерлік техника сатып алатын болады.

Бұдан бөлек, өткен жылы Министрлік Республиканың сот-сараптамасы жүйесін 2023 жылға дейін дамыту тұжырымдамасын және оны іске асыру жоспарын әзірледі және бекітті, онда нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, қаржы-экономикалық механизмдер мен кадр әлеуетін нығайту, жеке сот сараптамасы институтын дамыту және басқа да мәселелер көзделген.

Аталған бағыттарды әрі қарай жетілдіру және нығайту жөніндегі жұмыстар ағымдағы жылы да жалғастырылатын болады.

Министерство юстиции Республики Казахстан, рассмотрев депутатский запрос от 8 мая 2019 года № ДЗ-84 касательно плачевного состояния судебно-медицинской службы республики, сообщает следующее.

Касательно совместного рассмотрения вопроса по строительству новых зданий с современными оснащениями, лабораторными оборудованьями и холодильными установками.

Во исполнение рекомендаций Мажилиса Парламента Республики Казахстан по итогам правительственного часа по вопросам судебно-экспертной деятельности в Республике Казахстан, проведенного 15 января 2018 года Министерством юстиции Республики Казахстан (*далее – Министерство*) в 2017-2018 годах неоднократно были направлены письма акимам областей, городов Алматы, Нур-Султан и Шымкент о решении вопроса по безвозмездной передаче на баланс Министерства пустующих или освобождающихся объектов для размещения судебно-экспертных учреждений.

Во исполнение рекомендаций акиматом Восточно-Казахстанской области в 2018 году безвозмездно передано здание для размещения морга общей площадью 289,9 кв.м., расположенное в г. Усть-Каменогорск.

В текущем году акиматом Западно-Казахстанской области передано здание по адресу г. Уральск, общей площадью 3 772 м².

Акиматом Костанайской области в настоящее время завершается передача здания общей площадью 1 348 кв.м., расположенного на территории Костанайской областной больницы. Указанное помещение будет реконструировано за счет средств местного бюджета и передано на баланс Министерства. На сегодняшний день составлена проектно-сметная документация, с учетом требований для дальнейшего размещения морга, судебно-гистологического, химико-токсикологического, общеэкспертного отделений.

Помимо этого, на баланс РГКП «Центр судебных экспертиз Министерства юстиции Республики Казахстан» (*далее – Центр*) безвозмездно переданы здания территориальных подразделений Министерства для размещения центрального аппарата Центра, институтов Атырауской, Кызылординской, Павлодарской области и г. Нур-Султан.

Кроме того, в истекшем году Комитетом по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития РК с учетом геологических условий страны разработаны 5 типовых проектов для строительства зданий Институтов судебных экспертиз.

Согласно заключению государственной экспертизы РГП «Госэкспертиза» для строительства 16 зданий Институтов судебных

экспертиз необходимо 22 564,15 млн.тенге (*Сметная стоимость одного здания составляет от 1 342,94 до 1 503,46 млн.тенге*).

В связи с чем, 29 мая 2019 года Министерством повторно направлены письма акимам областей, городов Алматы, Нур-Султан и Шымкент о выделении соответствующих земельных участков площадью не менее 1,5642 га с подведенными к нему инженерными коммуникациями для строительства зданий и оказания содействия в самом строительстве зданий.

Вопрос обеспечения зданиями находится на особом контроле у Министерства, планируется поэтапное строительство объектов по мере предоставления акиматами участков и выделения бюджетных средств на возведение зданий.

Касательно проведения капитального ремонта имеющихся зданий с соблюдением всех санитарных норм.

В структуру Центра входят 18 Институтов судебных экспертиз, Межрегиональный центр судебных экспертиз (*г. Актобе*) и Научно-исследовательский институт судебных экспертиз.

Всего на балансе Центра и его территориальных подразделениях имеются 52 здания, из которых в удовлетворительном состоянии находится 24 здания, требующих капитального и текущего ремонта 28 зданий.

В 2019 году из выделенных на амортизационные расходы 902,3 млн.тенге для производства ремонта зданий Институтов предусмотрено 86 418,8 тыс.тенге.

Помимо этого, для проведения капитального ремонта в зданиях и приведения их в соответствие с санитарными нормами требуется выделение дополнительных денежных средств из республиканского бюджета.

С этой целью в настоящее время разрабатывается проектно-сметная документация для проведения капитального ремонта зданий территориальных подразделений. После разработки и проведения государственной экспертизы, сумма необходимых средств на проведение капитального ремонта будет включена в бюджетную заявку Министерства.

По вопросу отсутствия во многих районах республики отделений судебно-медицинской экспертизы.

В соответствии со ст. 140 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» деятельность государственного предприятия финансируется в соответствии с планом развития за счет собственного дохода и бюджетных средств, полученных в порядке, определенном бюджетным законодательством Республики Казахстан.

Согласно приказу Министра юстиции РК от 30.03.2017 № 327 года «Об утверждении Нормативов нагрузок судебных экспертов органов судебной экспертизы» (*далее – Приказ*) в районных отделениях экспертизы трупов и живых лиц нагрузка на 1 должность эксперта составляет 60 экспертиз трупов и 200 экспертиз живых лиц в год.

На содержание одного районного отделения судебно-медицинских экспертов с минимальной численностью 3-х штатных единиц (*по одной единице*

врача-эксперта, медицинской сестры, санитаря) необходимо ежегодное выделение бюджетных средств в сумме 4,0 млн.тенге.

Анализ ежегодно поступающих из районов на судебно-медицинское исследование трупов и живых лиц показывает, что в большинстве районов содержание судебно-медицинских отделений нецелесообразно ввиду нерентабельности, поскольку в год поступает в среднем от 5 до 30 трупов и от 40 до 70 живых лиц.

Согласно утвержденным ценам стоимость исследования одного трупа в 2018 году составила – 60 705 тенге, в текущем году – 83 634 тенге, т.е. при таких показателях сумма возмещения расходов судебно-медицинских отделений в районах из республиканского бюджета в среднем за год не превышает 1 млн. тенге. Таким образом, ежегодный убыток по каждому районному отделению составляет в среднем около 3 млн.тенге.

Например, из указанных в депутатском запросе Мангистауского района Мангистауской области поступило на исследование за 2018 год – 20 трупов, за 5 месяцев т.г. – 4 трупа;

- из Бейнеуского района в 2018 году – 21 труп, за 5 месяцев т.г. – 6 трупов;

- из Коргалжынского района Акмолинской области в 2018 году поступило – 23 трупа, за 5 месяцев т.г. – 8 трупов.

Аналогичная ситуация и по другим регионам республики.

Вместе с тем, Министерством при решении указанных вопросов принимаются во внимание не только показатели целесообразности и рентабельности экспертных учреждений, но географическое расположение, т.е. отдаленность районов от областного центра, состояние транспортного сообщения и другие показатели. Поэтому во многих отдаленных районах функционируют отделения судебно-медицинских экспертиз, несмотря на незначительную нагрузку.

Так, в Кызылординской области:

- Аральский район (500 км. от областного центра) за 2018 поступило на экспертизу 25 трупов;

- Казалинский район (400 км. от областного центра) за 2018 поступило на экспертизу 19 трупов.

Восточно-Казахстанская область:

- Тарбагатайский район (450 км. от областного центра) за 2018 поступило на экспертизу 22 трупа и 110 живых лиц;

- Кокпектинский район (250 км. от областного центра) за 2018 поступило на экспертизу 39 трупов и 91 живых лиц.

В Мойынкумском районе Жамбылской области (280 км. от областного центра) за 2018 поступило на экспертизу 30 трупов и 86 живых лиц.

Панфиловский район Алматинской области (300 км. от областного центра) за 2018 поступило на экспертизу 48 трупов и 229 живых лиц.

Аналогичное положение и по другим районам областей, где несмотря на незначительную нагрузку, содержатся отделения судебно-медицинских экспертиз.

Вместе с тем, в настоящее время Министерством в целях укрепления судебно-экспертного потенциала и развития частной судебной экспертизы прорабатывается механизм передачи в конкурентную среду производство некоторых видов первичных судебных экспертиз в порядке аутсорсинга специалистам соответствующих областей.

В этой связи, 15 ноября 2018 года подписан Совместный приказ между Министерством и Верховным Судом «О поэтапном переходе отдельных видов судебных экспертиз в конкурентную среду».

В рамках Совместного приказа в пилотном режиме в судах г.г. Нур-Султан и Алматы предусмотрено назначение и производство первичной судебной строительной, товароведческой и экономической экспертизы частными судебными экспертами.

Касательно пересмотра образовательных программ подготовки и переподготовки специалистов в области судебной и судебно-медицинской экспертизы.

В целях повышения профессионального уровня судебные, судебно-медицинские эксперты и средний медицинский персонал проходят подготовку и переподготовку в ВУЗах Казахстана и странах СНГ согласно бюджетной программе Министерства 060 «Повышение квалификации и переподготовка судебно-экспертных кадров».

В 2018 году в учебных заведениях Казахстана и России прошли переподготовку и повышение квалификации 232 сотрудника, из них 172-судебных и судебно-медицинских экспертов, 60-средний медицинский персонал.

В 2019 году планируется повышение квалификации и переподготовка 177 сотрудников, из них 117-судебных и судебно-медицинских экспертов, 60-средний медицинский персонал.

В рамках проекта Всемирного Банка в 2017-2018 гг. 211 судебных экспертов прошли курсы повышения квалификации *(по 18 направлениям в таких странах как Великобритания, Израиль, Литва, ОАЭ, Россия, США и Турция).*

В настоящее время 28 судебных экспертов из Казахстана проходят стажировку в Лондоне по международной программе «Болашак».

Вместе с тем, по результатам Правительственного часа Министерству рекомендовано в целях усовершенствования системы профессиональной подготовки и повышения квалификации судебных экспертов, создать собственный Учебный центр.

Приказом директора Центра от 15.02.2019 года за № 32 на базе Научно-исследовательского института судебных экспертиз создан Центр по подготовке, переподготовке и повышению квалификации.

Предметом деятельности Центра является организация и проведение курсов подготовки, повышения квалификации и переподготовки судебных экспертов органов судебных экспертиз и иных лиц.

В настоящее время, Учебным центром разрабатываются типовые программы по специальностям, формируется преподавательский состав из кадрового резерва Центра судебных экспертиз *(ведущие и опытные эксперты)* и

прорабатывается вопрос о дистанционной форме обучения.

Касательно проработки вопроса по разработке социальных пакетов выделения пособий и жилья лицам, работающим в сельской местности.

Вопрос по определению мер социальной поддержки специалистов в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта, агропромышленного комплекса, лесного хозяйства и особо охраняемых природных территорий, работающих и проживающих в сельских населенных пунктах, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, а также иных мер социальной помощи работникам данных категорий, предусмотрен Законом Республики Казахстан от 08.07.2005 года № 66 «О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий» (далее – Закон).

Министерством вопрос по разработке социальных пакетов выделения пособий и жилья судебным экспертам, работающим в сельской местности, планируется прорабатывать в комплексе с вопросами оснащения районных отделений судебных экспертиз необходимыми помещениями, их материально-техническим оснащением соответствующим лабораторным оборудованием и приборной базой.

Решение данных вопросов находится в прямой зависимости от объемов финансирования.

По вопросу отсутствия информационной системы для интеграции с другими ведомствами, как МЗ РК, МВД и др.

С прошлого года Министерством проводится работа по внедрению в органах судебных экспертиз информационной системы «Е-экспертиза». Завершена работа по интеграции с информационной системой судебных органов «Төрелік» и на стадии завершения с информационной системой правоохранительных органов «Е-уголовное дело».

На данном этапе в пилотном режиме система внедрена в Институтах судебных экспертиз по г. Алматы и г. Нур-Султан. В текущем году Центром будут установлены структурированные кабельные системы и приобретены 1000 единиц компьютерной техники для подключения и функционирования данной информационной системы.

Кроме того, отмечаем, что в истекшем году Министерством разработаны и утверждены Концепция развития института судебной экспертизы в республике до 2023 года и План по ее реализации, где предусмотрено совершенствование нормативно-правовой базы, укрепление финансово-экономических механизмов и кадрового потенциала, развитие института частной судебной экспертизы и другие вопросы.

Работа по дальнейшему совершенствованию и укреплению указанных направлений будет продолжена и в текущем году.